

Шапық атаның жеке заттары



Адрес: 010000, Алматы қаласы,
Павлодарская улица 10/10
Музей «Шапық атаның жеке заттары»

«Ertis» мультимедиялық музейі - өңірімізден шыққан ұлы тұлғалардың жеке заттары мен құнды жәдігерлері сақталған мекен. Бүгінде бұл музейде қазақ энергетикасының атасы, академик Шапық Шөкиннің жеке заттары мен қолжазбалары сақтаулы. Олардың қатарында ғалымның тақиясы, көзілдірігі мен қолсағаты бар.



Махаббат ТӨЛЕБАЙ

Қазақстан энергетика ғылымының негізін салушы, техника ғылымының докторы, профессор, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген қайраткері Шапық Шөкиннің тәуелсіз Қазақстан тарихында қалдырған еңбегі зор.

«Ertis» музейі бөлімшесінің басшысы Гүлжайнат Әлиеваның айтуынша, «Ұлы даланың ұлы тұлғалары» атты музей залында Ертіс-Баян өңірінен шыққан зиялы қауым өкілдері және академик-ғалымдар, әдебиет пен мәдениет саласына өлшеусіз үлес қосқан тұлғалардың жәдігерлері сақтаулы.

- Торайғыров университетінің бастамасымен Әлкей Марғұлан атындағы археологиялық ғылыми-зерттеу орталығы ашылған болатын. Осы орталықта «Ғалым» атты зал бар. Өңірімізден шыққан атақты профессорлар, жазушылар, ғалымдардың ұрпақтарын іздестіру кезінде орталық қорына

құнды жәдігерлер жиналды. Солардың бірі - Шапық Шөкіұлының тақиясы, көзілдірігі мен қолсағаты, - дейді Гүлжайнат Әлиева.

Шапық Шөкин - Г.Кржижановскийдің шәкірті. Ол 1944-1950 жылдар аралығында Іле өзенінің суы мен қорын кешенді түрде пайдалану мәселесін зерттеді. Осының нәтижесінде Қапшағай бөгеті мен су электр станциясын салу ісіне үлесін қосты. Орталық Қазақстанды сумен қамтамасыз ету мәселесін Ертіс өзенін бұру негізінде шешуге болатындығын дәлелдеді. Бұл Ертіс-Қарағанды каналының салынуына себеп болды.

- Баянауыл жерінің тумасы Шапық Шөкіұлы энергетиканы жан-жақты өркендету турасында ғылыми-техникалық болжамдар жасады. Отын-энергетика кешендерін құру жолдарын ғылыми тұрғыдан дәлелдеді. Сондай-ақ, энергияны тұтыну мен қамтамасыз етілуі жөнінде іргелі зерттеулер жүргізді, - деді музей басшысы. Бұл ғалымның зерттеу



жұмыстарының бір бөлігі ғана екенін атап өтті. Музей қорындағы бұл жәдігерлер - ғылым-іліммен айналысқан академиктің көзі тірісінде үнемі қолданған заттары.